



Ғылыми мақала / Research Article

МРНТИ / IRSTI 03.20.00



<https://doi.org/>

Political and administrative changes in Kazakhstan during the first quarter of the 20th century

K. Akanov✉

Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan

✉gazizuly85@mail.ru

Abstract. The first quarter of the 20th century is one of the most important stages in the history of the formation of Kazakh statehood and its institutions of power. This is a period during which a number of important events took place, thanks to which the Kazakh nation and its national leaders received a historical chance to create their own national state and organize its institutions. The transformation and destruction of the imperial colonial system of the Russian Empire, the strengthening of the role of democratic and autonomist movements, and the Civil War led to the emergence of new forms of government and political institutions. Goal and objectives. The purpose of the article is to study the process of transformation of institutions of power in Kazakhstan in the first quarter of the 20th century. Objectives: review of historiography on the research topic; identify problematic issues and main directions; analysis and study of sources; identification of the main institutions of power operating during the period under study and the results of their activities. Results: the study of these issues is very important for many representatives of Kazakh and foreign science specializing in the study of imperial and Soviet topics. The specificity and characteristics of the institutions of power formed during this period are identified. Analysis of the process of transformation of existing institutions of power, their activities during the transition period, as well as the formation of new forms and their institutions is an important result of this study. Conclusion: The issues under study can become the foundation for further research on the history of the formation of institutions of power on the territory of Kazakhstan at the beginning of the 20th century, as well as create a foundation for its further study and determination of further prospects for research.

Keywords: institutions of power, Kazakh bureaucracy, regional congresses, Provisional Government, Kirghiz (Kazakh) Autonomous Soviet Socialist Republic.

For citation: Akanov K. Political and administrative changes in Kazakhstan during the first quarter of the 20th century). *Journal of the National Congress of Historians*. 2026. Vol.5, no.1, pp.21-36. <https://doi.org>

Политико-административные преобразования на территории Казахстана в первой четверти XX века

К. Аканов

Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. Первая четверть XX века является одним из важнейших этап в истории формирования казахской государственности и ее институтов власти. Этот период является одним из ключевых этапов в истории становления современной казахской государственности и формирования соответствующих институтов административного управления. Именно в этот период произошли масштабные политические и социальные преобразования, оказавшие определяющее влияние на дальнейшее развитие истории Казахстана в начале XX века. Крушение колониальной системы Российской империи, революционные события 1917 года, активная деятельность национальных элит, усиление автономистских и демократических движений, Гражданская война (1917 – 1922 гг.) и последующее установление советского государства приводили к возникновению на территории Казахстана новых форм государственного устройства и общественно-политических институтов. Цель и задачи. Целью статьи является комплексное исследование процессов развития и эволюционных трансформации институтов власти в Казахстане в первой четверти XX века. Задачи: обзор казахстанской и зарубежной историографии по теме исследования; постановка проблемных вопросов и определение основных направлений научного поиска; анализ и изучение существующего комплекса источников; определение основных институтов власти функционировавших в рассматриваемый период, а также выявление результатов и особенности их деятельности в условиях имперских, революционных и советских политических преобразований. Результаты. Изучение рассматриваемой проблемы представляет значительный научный интерес, как для казахстанских, так и для зарубежных специалистов, занимающихся изучением истории колониального распада Российской империи, становление европейски образованных национальных элит и оформления автономистских национальных движений, революционных преобразований и Гражданской войны, начального этапа советского государственного строительства и формированием Киргизской (Казахской) АССР. В процессе исследования выявляются особенности формирования и функционирования институтов власти в условиях смены политических режимов, определена специфика их деятельности в переходный период, а также проанализированы процессы возникновения новых органов управления и механизмы их взаимодействия с обществом. Полученные результаты позволяют глубже понять особенности развития и трансформации институтов государственной власти в первой четверти XX века. Заключение. Проведенное исследование расширяет научные представления о процессе становления институтов власти на территории Казахстана в первой четверти XX века и создает основу для дальнейшего изучения проблем формирования государственности, развития политических институтов и определения перспектив последующих исторических исследований. **Ключевые слова:** институты власти в первой четверти XX века; национальная интеллигенция; Временное Правительство; Гражданская война; Киргизская (Казахская) АССР.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы саяси және әкімшілік реформалар

Қ. Ақанов

Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. XX ғасырдың бірінші ширегі – қазақ мемлекеттілігі мен оның билік институттарының қалыптасу тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл – бірқатар маңызды оқиғалар орын алған кезең, соның арқасында қазақ елі мен оның ұлттық көшбасшылары өзінің ұлттық мемлекетін құруға және оның институттарын ұйымдастыруға тарихи мүмкіндік алды. Ресей империясының империялық отаршылдық жүйесінің қайта құрылуы мен жойылуы, демократиялық және автономиялық қозғалыстардың рөлінің күшеюі, азамат соғысы басқарудың жаңа нысандары мен саяси институттардың пайда болуына әкелді. Мақсаты мен міндеттері. Мақаланың мақсаты – XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы билік институттарының трансформациялану процесін зерттеу. Міндеттері: зерттеу тақырыбы бойынша тарихнамаға шолу жасау; проблемалық мәселелер мен негізгі бағыттарды анықтау; дереккөздерді талдау және зерттеу; зерттелетін кезеңінің негізгі билік институттарын және олардың қызметінің нәтижелерін анықтау. Нәтижелер: бұл мәселелерді зерттеу империялық және кеңестік тақырыптарды зерттеуге маманданған қазақстандық және шетелдік ғылымның көптеген өкілдері үшін өте маңызды. Осы кезеңде қалыптасқан билік институттарының ерекшеліктері айқындалады. Қазіргі билік институттарының трансформациялану процесін, олардың өтпелі кезеңдегі қызметін, сондай-ақ жаңа нысандар мен олардың институттарының қалыптасуын талдау осы зерттеудің маңызды нәтижесі болып табылады. Қорытынды: Қарастырылған мәселелер XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында билік институттарының қалыптасу тарихын одан әрі зерттеуге негіз бола алады, сондай-ақ оны одан әрі зерделеу және одан әрі қарай анықтау үшін негіз бола алады.

Түйін сөздер: билік институттары; қазақ бюрократиясы; өлкелік съездер; Уақытша үкімет, Қырғыз (Қазақ) АКСР

Сілтеме жасау үшін: Ақанов К XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы саяси және әкімшілік реформалар. *Journal of the National Congress of Historians*. 2026. Vol.5, no.1, pp.21-36. <https://doi.org>

Kіріспе

XX ғасырдың басында Қазақстан аумағы Ресей империясының әкімшілік-басқару жүйесінің қарамағында болды. Империялық билік өз өкілеттігін негізінен генерал-губернаторлықтар, губерниялар мен облыстар түріндегі әскери-әкімшілік институттар арқылы жүзеге асырды. Олардың қатарына орталығы Ташкент қаласында орналасқан Түркістан генерал-губернаторлығы (оның құрамына Сырдария және Жетісу облыстары кірді), сондай-ақ орталығы Омбы қаласында орналасқан Дала генерал-губернаторлығы (құрамына Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстары енді) жатты. Бұдан бөлек, халқының басым бөлігін қазақтар құраған Ішкі (Бөкей) Ордасы Астрахан губерниясының, ал Маңғышлақ Закаспий облысының құрамында болды (Аяған және т.б. 2017: 14).

Осы кезеңде Түркістан генерал-губернаторлығының әкімшілік басқару жүйесін реформалауға бағытталған алғашқы қадамдардың бірі жасалды. Атап айтқанда, 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару туралы ережені» қайта қарау мәселесі көтерілді. Аталған ережеге сәйкес Түркістан өлкесінде генерал-губернатор мен облыстық әскери губернаторлардан өзге лауазымдарды әскери және азаматтық мекемелердің қызметкерлері қатар атқарғандықтан, уезд деңгейінде әкімшілік және әскери биліктің ара-жігі ішінара ажыратылды. Соның нәтижесінде уезд бастығы азаматтық қызметші мәртебесіне ие болып, әскери-полициялық міндеттер учаскелік приставтарға жүктелді. Зерттеушілер XIX ғасырдың соңынан 1917 жылға дейінгі кезеңді жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен земство мекемелеріне мемлекеттік бақылаудың күшейген кезеңі ретінде сипаттайды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі үкімет шенеуніктерінің қатаң бақылауына алынып, ал земство мекемелерінде дворяндар ықпалы барған сайын арта түсті (Традиционное ... 2014: 95; Кемелбеков 2019: 240).

Империялық басқару институттарымен қатар Қазақстан аумағында дәстүрлі қоғамдық-саяси институттардың ықпалы да сақталды. Соның бірі – билер институты. XX ғасырдың басында, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін, билер соты қоғамдағы беделі жоғары әрі көшпелі қазақ қауымдарын басқаруда елеулі ықпалға ие саяси тетік ретінде өз қызметін жалғастырды. Қазаққоғамының саяси-құқықтық жүйесі мен әлеуметтік-рухани өміріндегі түбегейлі өзгерістер Кеңес мемлекетінің әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі қалыптасқан кезеңде жүзеге асты. Соған қарамастан билер соты өз ықпалын толық жоғалтқан жоқ. Қазан төңкерісінен кейін ол аралық (төрелік) сот түрінде қайта ұйымдастырылып, 1920-1924 жылдарға дейін қызметін жалғастырды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі дереккөзін «Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік архиві» мемлекеттік бюджеттік мекемесінің қорларында сақталған, қалыптасып келе жатқан билік институттарының қызметіне қатысты архивтік құжаттар құрайды. Сонымен қатар құжаттар жинақтары мен тарихнамалық еңбектердің материалдары да кеңінен пайдаланылды. Аталған дереккөздерді кешенді зерделеу зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға, ал оларды ғылыми тұрғыдан талдау бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген тың мәліметтерді анықтап, ғылыми қолданысқа енгізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихилық қағидаты құрайды. Бұл қағидат зерттеліп отырған құжаттардағы мәліметтерді өз дәуірінің нақты тарихи жағдайымен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жүйелілік қағидаты қолданылды. Оның негізінде дереккөздердегі мәліметтер өзара сабақтас біртұтас жүйе ретінде қарастырылып, билік институттарының қалыптасуы бірізді әрі өзара байланысты тарихи үдеріс ретінде талданды.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи және идиографиялық әдістер қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс дереккөздерде қамтылған билік институттарының қалыптасуы мен дамуына қатысты мәліметтердің жай-күйін анықтауға және оларды өзара салыстыра талдауға мүмкіндік берді. Ал идиографиялық әдіс нақты билік институттарының қалыптасуына ықпал еткен тарихи оқиғаларды жан-жақты қарастыру барысында пайдаланылды.

Әдеби шолу

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихы отандық және шетелдік зерттеушілердің ерекше назарындағы өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып табылды. Әсіресе осы күрделі өтпелі кезеңде империялық және кеңестік билік институттарының трансформациясы, сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамының бұл өзгерістерге көзқарасы мен қатынасы ғылыми қызығушылық туғызады. XX ғасырдың басында Қазақстан аумағының саяси және экономикалық тұрғыдан империялық жүйеге кірігуінің салдарын, Ресей империясының ескірген билік институттарының дағдарысы мен күйреуін, жаңа мемлекеттік құрылымдар мен басқару органдарының қалыптасу ерекшеліктері мен қиындықтарын, сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік институттарының жай-күйін зерттеу осы тақырып аясындағы ғылыми ізденістердің негізгі бағыттарының біріне айналды.

Сонымен қатар империялық және ұлттық мемлекеттердің даму мәселелерін, саяси және әкімшілік басқарудың неғұрлым тиімді үлгілерін, көпұлтты мемлекеттердегі ұлттық сананың өсуі мен ұлтаралық қатынастарды реттеу тетіктерінің арақатынасын талдау қазіргі Қазақстан тарих ғылымы үшін ғана емес, шетелдік зерттеулер үшін де маңызды ғылыми міндеттердің бірі саналады. Бұдан бөлек, империялық, Алаш және большевиктік билік жүйелерінің ұлттық саясатының қалыптасуы мен дамуы, олардың ұстанған стратегиялары мен іске асырған тәжірибелері, жекелеген өңірлердегі ерекшеліктері, орталық билік пен жергілікті ұлттық элиталардың өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ этноконфессиялық және әлеуметтік-саяси құрылымы әркелкі қоғам жағдайындағы ұлт қалыптастыру саясатының жүзеге асырылуы да ғылыми қауымдастықтың ерекше назарын аударып келеді.

Аталған мәселелердің жекелеген бағыттары кеңестік кезеңнің өзінде-ақ зерттеле бастады. Мысалы, 1943 жылы жарық көрген «Қазақ КСР тарихы» еңбегінде 1917 жылғы революциялық оқиғалар кезеңінде қалыптасқан билік институттарына талдау жасалған. Онда Уақытша үкіметтің Түркістан комитетін құруы, облыстарды басқару ісінің жергілікті ұлттық элита өкілдерінен тағайындалған комиссарларға берілуі қарастырылған (История 1943: 408-409). Сонымен қатар II Николай тақтан бастартқаннан кейінгі өтпелі кезең де зерттеу нысанына айналды. Бұл уақытта бірқатар өңірлерде империялық басқару жүйесінің жекелеген элементтері сақталғанымен, қатарласа Уақытша үкіметтің басқару органдары, жұмысшы депутаттары кеңестері және Уақытша комитеттер түріндегі кеңестік билік институттары қалыптаса бастады (История 2011: 597-603). 1949 жылғы басылымда Азамат соғысы жылдарында кеңестік билік құрған мемлекеттік институттар мен Қазақ (Қырғыз) АКСР-інің алғашқы қалыптасу кезеңіндегі басқару құрылымдары кеңінен қарастырылды (История 1949: 7-38, 102-106). Ал 1977 жылы жарық көрген еңбекте империялық билік институттарының ыдырауы және олардың революциялық басқару құрылымдарымен алмасу үдерісі жан-жақты талданған. Бұл зерттеуде бір жағынан Уақытша үкіметтің басқару органдары, екінші жағынан жергілікті жерлердегі облыстық кеңестер мен әскери-революциялық комитеттердің (ӘРК) қызметі қарастырылған. Сонымен қатар 1920-жылдары мемлекеттік және партиялық ұйымдардың нығаю үдерісіне де ерекше назар аударылған (История 1977: 11-36, 202-214).

Тәуелсіздік жылдарында кеңестік тоталитарлық жүйенің күйреуі және ұзақ уақыт бойы тыйым салынған көптеген тарихи мәселелерді зерттеуге қойылған идеологиялық шектеулердің жойылуы нәтижесінде қазақстандық тарихнамада сапалық тұрғыдан жаңа кезең басталды. Соның ішінде қазақтың ұлттық көшбасшылары алғаш рет өздерінің дербес билік институттарын қалыптастыру мүмкіндігіне ие болған Алаш автономиясының тарихын зерттеу жаңа серпін алды. Бұл бағыттың дамуына 1990-жылдар мен 2000-жылдардың басында Д. Аманжолова, М. Қойгелдиев, К. Нұрпейісов, Р. Нұрмағанбетова сынды ғалымдар елеулі үлес қосты (Аманжолова 1993; Аманжолова 1994; Қойгелдиев 1995; Нұрпейісов 1995; Нурмағанбетова 1999; Нурмағанбетова 2003).

Қазіргі кезеңде Қазақстан аумағындағы XX ғасырдың алғашқы ширегінде мемлекеттік билік институттарының трансформациясын әртүрлі қырынан қарастырған отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері белгілі. Қазақстандық ғалымдардың ішінде Ж. Әбсеметова, М.Ө. Әбсеметов, С.М. Ақымбеков, С. Аққұлы, Б.Ғ. Аяған, А.М. Ауанасова, Г.Б. Бырбаева, А.С. Жанбосынова, Е.К. Нұрпейісов және басқа да зерттеушілердің 2000-жылдары жарық көрген еңбектерін ерекше атауға болады (Абсеметова 2007; Абсеметов 2006; Акимбеков 2018; Акимбеков 2021; Аккулы 2016; Аккулы 2017; Аяған және т.б. 2017; Бырбаева 2005; Жанбосынова 2013).

Шетелдік зерттеушілердің ішінде Д.А. Аманжолова, И.В. Анисимова, Ю.А. Лысенко, И.В. Нам, Е.В. Тарасов, М.В. Стурова, М.В. Шиловский, Г.А. Ноздрин және А.К. Кирилловтың еңбектері ерекше назар аударуға тұрарлық. И.В. Анисимова, Ю.А. Лысенко, Е.В. Тарасов және М.В. Стурованың бірлескен монографиясында XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында қызмет еткен империялық билік институттары мен 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі өтпелі кезеңдегі басқару құрылымдары жан-жақты қарастырылған (Традиционное ... 2014). Ал И.В. Нам, М.В. Шиловский, Г.А. Ноздрин және А.К. Кирилловтың еңбектері негізінен 1917-1920 жылдардағы Азамат соғысы кезеңіндегі билік институттарын зерттеуге арналған. Авторлар бұл үдерістерді негізінен Сібір өңірі аясында талдай отырып, Алаш автономиясын да осы кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады (Нам 2009; Общественно-политическое ... 2019). Зерттеу тақырыбы тұрғысынан Д.А. Аманжолованың еңбектері ерекше құнды. Оның зерттеулерінде билік институттарының трансформациясы Алаш үкіметі құрған мемлекеттік құрылымдар, олармен тығыз байланыста болған Сібір облысшыларының ұйымдары, Уақытша үкіметтің басқару органдары, сондай-ақ большевиктік және кеңестік билік құрылымдары қызметімен өзара сабақтастықта қарастырылады (Аманжолова 1993; Аманжолова 1994; Аманжолова 2004; Аманжолова 2009a; Аманжолова 2009b; Аманжолова 2015).

Жоғарыда аталған еңбектерді талдау нәтижесінде зерттеліп отырған мәселе бойынша ауқымды тарихнамалық қор қалыптасқанын байқауға болады. Бұл ғылыми мұра жүргізіліп отырған зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін құрайды. Сонымен бірге, бірқатар мәселелердің әлі де толық зерттелмегенін немесе үстірт қарастырылғанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, облыстық басқармалардағы төменгі дәрежелі шенеуніктерден, тілмаштар мен іс жүргізушілерден құралған қазақ шенеуніктерінің қалыптасу ерекшеліктері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл мәселелер Д.А. Аманжолованың кейінгі еңбектерінде қазақтардың Ресей Мемлекеттік думасындағы, Уақытша үкімет органдарындағы және кеңестік саяси құрылымдардағы қызметімен қатар ішінара қарастырылған (Аманжолова 2019). Соған қарамастан, XX

ғасырдың басындағы мемлекеттік басқару органдарындағы қазақ қызметкерлерінің сандық құрамының өзгеру динамикасы, олардың мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі, сондай-ақ кеңес билігінің алғашқы жылдарында (1920-1925 жж.) этноұлттық бюрократияның қалыптасу ерекшеліктері әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Нәтижелер

1903 жылы Ташкент қаласында арнайы комиссия құрылып, оның жұмысы барысында жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау өткізу жүйесі қатаң сынға алынды. Атап айтқанда, Ферғана облысы әкімшілігінің қызметкерлері өз есептерінде сайлау басталмай тұрып-ақ жергілікті халық арасында алаңдаушылық пен тіпті «қозулы көңіл күйдің» байқалғанын атап көрсеткен. Соның салдарынан облыстағы қоғамдық ахуал шиеленісіп, ауылдардағы егіншілік пен өзге де шаруашылық жұмыстары тоқтап қалған. Сонымен қатар уездік және облыстық әкімшілік органдарына сайлаушыларды сатып алу әрекеттері туралы көптеген арыз-шағымдар келіп түскен. Осындай қорытындыларды Сырдария облысы әкімшілігінің қызметкерлері де жасаған. Олардың пікірінше, жергілікті халық қалыптасқан қоғамдық көңіл күйге байланысты сайлау үдерісіне толық дайын болмаған, ал мұндай жағдайды жекелеген адамдар мен саяси топтар өз мүдделеріне тиімді пайдаланып отырған. Осы жағдайларды ескере отырып, комиссия арнайы жоба әзірлеп, ауыл старшындары мен болыс басқарушыларын сайлау тәртібін жоюды ұсынды (Традиционное ... 2014: 95).

Билер сотын таратуға бағытталған алғашқы қадам 1920 жылғы 25 желтоқсанда Әділет халық комиссариаты қабылдаған №2 «Аралық соттарды тарату туралы» циркулярдан бастау алды. Дегенмен бұл шешім билер сотының бірден жойылып кетуіне алып келген жоқ. Олар уақыт өте келе «ақсақалдар соты» және «ақсақалдар кеңесі» түрінде өз қызметін жалғастырды. 1924 жылы қабылданған бірқатар циркулярларда мұндай соттардың қызметіне тыйым салынып, олардың шығарған шешімдері заңсыз деп танылды. Сонымен қатар мемлекеттік билік органдарына бұл соттардың қызметіне қатысты сот-процессуалдық шараларды қолдану құқығы берілді. Соған қарамастан, Ж.С. Мәжитованың пікірінше, бұл құқықтық институттың қызметі 1920-жылдардың соңына дейін сақталған (Мажитова 2015: 76-83).

Осы кезеңде жаңа әлеуметтік топ – қазақ шенеуніктері қалыптаса бастады. Олардың қатарын негізінен арнайы басқармалардағы төменгі дәрежелі қызметкерлер, тілмаштар және уездік әрі облыстық мекемелердің іс жүргізушілері құрады. Олар әкімшілік қызметкерлерге берілетін бірқатар артықшылықтарға ие болды. Атап айтқанда, қазына есебінен жалақы алды, офицерлік және генералдық шендерге ие болу мүмкіндігіне қол жеткізді, әскери мундир мен айырым белгілерін тағу құқығына ие болды, жеке немесе мұрагерлік дворяндық атақ, ордендер, медальдар және басқа да марапаттармен марапатталды. Бұл шенеуніктер мемлекеттік билік пен жергілікті халық арасындағы негізгі дәнекер қызметін атқарды. Олар ресми құжаттарды сауатты оқып, мазмұнын өз қандастарына түсіндіре алғандықтан, қазақ қоғамында елеулі бедел мен ықпалға ие болды (Аманжолова 2019: 25-26).

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Ресей империясы құрамындағы түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының ұлттық санасы айтарлықтай өсе бастады

(Аманжолова 2009а: 38). Оның жарқын көріністерінің бірі – 1905 жылғы шілде айында Қарқаралы қаласы маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде өткен қазақ съезі болды. Съезд қатысушылары Ресей императоры II Николайдың атына арнайы петиция әзірледі. Құжатқа Семей облысы Қарқаралы уезінің беделді 42 қазағы қол қойды. Петицияның негізгі талабы қазақ халқына жалпыға бірдей сайлау құқығын беру болды. Сонымен қатар Ішкі істер министрінің атына жеке өтініш жолданды. Онда қазақтардың сол кезеңдегі жергілікті басқару жүйесіндегі бірқатар лауазымдарға – болыс басқарушысы, ауыл старшыны және хатшылық қызметтерге жергілікті қазақ зиялыларының тағайындалуы, сондай-ақ жер мәселелерін реттеу үшін білімді қазақтар арасынан бітістіруші судьяларды тағайындау ұсынылды. Сонымен бірге мұндай қызметке тағайындалатын адамдарға бірқатар талаптар қойылуы тиіс екендігі атап көрсетілді: қызметке кіріскен кезде ант қабылдау, қазақ тілін меңгеруі және іс жүргізуді қазақ тілінде жүзеге асыруы. Бұл талаптардың енгізілуі құжат авторларының мемлекеттік құрылыс мәселелерін терең түсінгенін, ұлт тағдыры үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға және қазақ қоғамының мүддесін қорғауға ұмтылғанын көрсетеді (Кабульдинов 2013: 42).

Ұлттық сананың өсуі қазақтардың елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуынан да көрініс тапты. Соның ішінде 1905 жылғы революциялық оқиғалардан кейін құрылған Ресей Мемлекеттік думасына сайлауға қатысуы ерекше маңызды болды. Мемлекеттік думаның I және II шақырылымдарына қазақ ұлттық элитасының бірқатар өкілдері депутат болып сайланып, негізінен мұсылман фракциясының құрамында қызмет атқарды. Олар мұсылман съездерін өткізу, мұсылман қауымының баспасөз органын шығару, аграрлық реформаларды талқылау және өзге де қоғамдық-саяси мәселелерді шешуге белсенді қатысты.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен II Николайдың тақтан бас тартуынан кейін Ресейде Уақытша үкімет билікке келіп, бұрынғы империяның барлық өңірлерінде, соның ішінде Қазақстан аумағында да өз басқару құрылымдарын қалыптастыра бастады. Облыстық деңгейде құрылған Уақытша үкіметтің мекемелеріне комиссарлар қызметіне қазақ зиялылары тағайындалды. Мысалы, Торғай облысына – Ә. Бөкейхан, Жетісу облысына – М. Тынышбаев, Қостанай уезіне – А. Беремжанов тағайындалды. Осылайша Уақытша үкімет өзіне саяси тұрғыдан жақын ұлттық элита өкілдерін Қазақстанда ғана емес, Ресейдің басқа да ұлттық аймақтарындағы басқару органдарына кеңінен тартуға ұмтылды.

Атап айтқанда, Ә. Бөкейхан мен А. Беремжанов Уақытша үкімет құрамында ықпалды орын алған кадет партиясының мүшелері болды. Мұстафа Шоқай да кадеттерге жақын болып, Сырдария губерниялық басқармасының ауыл шаруашылығы бөліміне қызметке тағайындалды. Ал М. Тынышбаев Уақытша үкіметті қолдаған социалист-революционерлер (эсерлер) партиясына ниеттес болды. Сол кезеңде кадеттер мен эсерлер Ресейдің ең ықпалды саяси күштері саналды. Зерттеушілердің пікірінше, жаңа билік бұрынғы империялық әкімшілік аппаратқа сүйене алмады, ал өз басқарушы кадрлары жеткіліксіз еді. С. Ақымбековтің мәліметінше, Петроградтағы Ішкі істер министрлігінде өткен мәжілісте Түркістан комитетінің төрағасы Н. Щепкин бұрынғы басқару аппаратының күйрегенін және патша заманында тағайындалған шенеуніктердің қызметтен шеттетілгенін баяндаған. Нәтижесінде билік өкілеттіктері өздігінен құрылған атқару комитеттері мен жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің

қолына өте бастады. Сондықтан жергілікті жерлерге келген Уақытша үкімет өкілдері бұрынғы әкімшілік құрылымдардың нақты билік жүргізу мүмкіндігінен айырылғанын көрді. Ал шынайы саяси ықпал жергілікті қоғамдық және саяси күштердің қолында болды. Мысалы, Жетісу облысында мұндай күш ретінде орыс казактары мен қоныс аударушы шаруалардың қауымдары танылды (Акимбеков 2021: 88-89).

Осы кезеңде облыстық қазақ съездерінің саяси маңызы артып, олардың негізінде облыстық қазақ комитеттері құрылды. Соның бірі – 1917 жылғы 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезі. Оған Семей облысының бес уезінен 200 делегат, Бесік уезінен екі өкіл және Ұйымдастыру қазақ комитетінен 15 өкіл қатысты. Съезд төрағасы болып Ж. Ақбаев сайланды. Оның орынбасарлары болып Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, М. Боштаев және Б. Сәрсенов бекітілді. Хатшылық қызметін Ә. Ермеков, Е. Оразалин, М. Малдыбаев және Ш. Ақпанов атқарды. Сонымен қатар съезге Ш. Құдайбердин, Н. Құлжанова, М. Малдыбаев және басқа да қоғам қайраткерлері қатысты. Жиында мемлекеттік билік институттарын ұйымдастыруға қатысты бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, Ресей халықтарының барлығы қатысуы тиіс Құрылтай жиналығын шақыру, мемлекетті федеративтік демократиялық республика түрінде ұйымдастыру, ұлттық автономия мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу мәселелері талқыланды. Сондай-ақ облыстық, уездік, болыстық және ауылдық комитеттер құру жөнінде ұсыныстар қабылданды (Протокол ... 2010: 135).

1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында ІІ Жалпықазақ съезі өтті. Осы съезде орталығы уақытша Семей қаласы болып белгіленген «Алаш» атты қазақ автономиясының құрылғаны жарияланды. Съезд құжаттарына сәйкес, оған жеті облыстан, Бөкей Ордасынан және бір губерниядан келген өкілдер қатысты. Сонымен қатар түрлі қазақ ұйымдарының делегаттары мен арнайы шақырылған тұлғалар да болды. Съезд барысында Сібір мен Түркістан автономияларының құрылуы, қазақ тілінде білім беру жүйесін ұйымдастыру, бағдарламалық құжат әзірлеу, салық жинау және басқа да маңызды мәселелер қарастырылды (Протокол ... 2004: 472).

Мемлекеттік билік институттарын қалыптастыру мәселесінде Алаш автономиясында үкіметтік орган ретінде 25 мүшеден тұратын Уақытша Халық Кеңесі – Алашорда құрылды. Оның құрамындағы 10 орын қазақтармен бірге өмір сүрген орыс және басқа ұлт өкілдеріне бөлінді. Кеңестің уақытша орналасатын орны ретінде Семей қаласы белгіленді. Атқарушы билік толығымен осы Кеңестің қолына шоғырландырылды. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін халық милициясын құру көзделді. Заң шығарушы билікті жүзеге асыру мақсатында Ресей Республикасының сайлау заңнамасы негізінде сайланатын Құрылтай жиналығын шақыру жоспарланды. Сонымен бірге Алашордаға қаржы саласында қарыз алу, дипломатиялық салада басқа саяси қозғалыстармен, оның ішінде автономиялық құрылымдармен келіссөздер жүргізу өкілеттігі берілді. Уақытша Халық Кеңесі ұлттық азшылықтарға арнайы орын бөлінген парламент қызметін атқаруы тиіс болды. Оның міндеттерінің бірі автономия Конституциясының жобасын әзірлеп, Құрылтай жиналысының қарауына ұсыну еді. Муфтият, халық соты және ауылдық басқару мәселелері автономия ресми жарияланғаннан кейін және Құрылтай жиналысы шақырылған соң қарастырылатын болып шешілді. Халық Кеңесінің төрағасы болып баламалы дауыс беру нәтижесінде Әлихан Бөкейхан сайланды (Алаш-Орда ... 1992: 69-70).

1918 жылғы 11 қыркүйекте Уфа қаласында өткен Алашорда мәжілісінде Алашорда автономия аумағындағы жалғыз заңды басқару органы ретінде танылды. Жергілікті жерлердегі басқару земство және қалалық өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ Алашорда комиссарлары арқылы жүзеге асырылды. Облыстық және уездік комиссарларды Алашорда өзі тағайындады. Осы жиында Алашорданың Батыс бөлімшесі құрылып, оның құрамына Бөкей Ордасы, Ойыл уәлаяты, Закаспий облысындағы Маңғышлақ, Торғай облысының Ақтөбе және Қырғыз уездері енгізілді. Бұл бөлімше маңызды әрі қағидатты мәселелер бойынша Алашорданың нұсқауларын басшылыққа алғанымен, өз қызметін дербес жүргізді (Бочагов 1927: 50).

Алайда көп ұзамай, 1918 жылғы 8-23 қыркүйекте өткен Уфа мемлекеттік кеңесінде Уақытша Сібір үкіметінің делегациясы арнайы нұсқаулық қабылдап, онда: «Алашорда үкіметін де, түркі-татар үкіметін де мойындамау, тек мәдени автономияны ғана тану қажет» деп көрсетілді (Инструкция ... 1926: 232). Бұдан кейін 1918 жылғы 22 қазан (4 қараша) күні құрылған Уақытша Бүкілресейлік үкімет арнайы грамотасымен: «Алаш үкіметі – Алашорда өз қызметін тоқтатты деп есептелсін» деген шешім қабылдады (Приказ ... 2004: 274-275). Соған қарамастан, Д.А. Аманжолованың пікірінше, Алашорда билік институты ретінде 1920 жылдың басына дейін өмір сүріп, Уфа кеңесінің барлық облыстық үкіметтерді тарату туралы шешіміне қарамастан, жергілікті жерлердегі өз құрылымдарын сақтап қалды (Аманжолова 2015: 9).

Кеңестік мемлекеттік басқару органдарының қалыптасуына келсек, бұл үдерісті Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік архивінің Р-454-қоры, 1-тізім, 18-А ісінде сақталған «Қазақстанның құрылу тарихы және оның табиғи байлықтары» атты энциклопедиялық материалдар айқын сипаттайды. Онда Бірінші Жалпықырғыз құрылтай съезінің өткізілу орны, делегаттарының саны мен ұлттық құрамы, президиум мүшелері, Қазақ (Қырғыз) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік басқару органдарының атауы, олардың мүшелері мен кандидаттарының саны туралы мәліметтер келтірілген. Съезге барлығы 273 делегат қатысты. Оның ішінде 197-сі коммунист, 4-і коммунистерді жақтаушылар, 72-сі партиясыз болды. Ұлттық құрамына қарай 126 қазақ, 129 орыс, 14 татар, 2 башқұрт, 1 латыш және 1 еврей қатысты. Президиум құрамына Қырревком төрағасы В. Радус-Зеньковичтен басқа С. Меңдешев, А. Авдеев, А. Досов, И. Акулов, П. Струппе, А. Байтұрсынов және И. Мартынов енді. Ұлттық құрамы бойынша олардың қатарында бір поляк, бір латыш, үш орыс және төрт қазақ болды. Съезд қабылдаған ережеге сәйкес республикадағы жоғары мемлекеттік билік органы Жалпықырғыз Кеңестер съезі болып белгіленді. Бірінші ҚазОАК-тің 75 мүшесінің шамамен жартысын қазақтар құрады, ал 24 кандидаттың 46 пайызға жуығы қазақтар болды. ҚазОАК Президиумының 15 мүшесі мен кандидатының сегізі қазақ еді. Қырғыз (Қазақ) Халық Комиссарлары Кеңесінің 14 халық комиссарының төртеуі қазақ болды: М. Мұрзағалиев – Ішкі істер халық комиссары әрі Пошта және телеграф басқармасының жетекшісі, Ғ. Әлібеков – Әділет халық комиссары, А. Байтұрсынов – Ағарту халық комиссары, С. Арғаншеев – Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары. Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып поляк ұлтынан шыққан В. Радус-Зенькович тағайындалды. Осылайша Қазақ АКСР-інің мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты. Республикадағы жоғарғы мемлекеттік билік органы қалалық кеңестердің делегаттарынан құралған Жалпықырғыз Кеңестер съезі болып бекітілді¹.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда баяндалған мәселелерді қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

– XX ғасырдың алғашқы ширегі Қазақстан тарихындағы аса күрделі өтпелі кезең болды. Бұл уақытта Ресейде қалыптасқан жаңа билік институттарымен қатар, қазақ қоғамының қоғамдық-саяси өмірінде маңызды орын алған дәстүрлі басқару институттары да қатар қызмет атқарды. Солардың бірі – билер институты. Кеңес билігінің оны жоюға бағытталған шараларына қарамастан, билер соты XX ғасырдың 20-жылдарының соңына дейін өз қызметін сақтап қалды.

– Қазақстан аумағындағы саяси билік институттарын жаңғыртуға және олардың қызметіне қазақ қоғамы өкілдерін тартуға бағытталған алғашқы қадамдар Ресей империясының әкімшілік басқару жүйесі кезеңінде-ақ жүзеге асырыла бастады.

1917 жылғы революциялық оқиғалар қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласына елеулі өзгерістер әкеліп, жаңа саяси билік институттарының қалыптасуына негіз қалады. Осы кезеңде бұрынғы басқару құрылымдарының ықпалы әлсіреп, олардың өкілеттіктері біртіндеп жергілікті қауымдарға немесе стихиялы түрде қалыптасқан атқарушы билік органдарына өте бастады.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі саяси билік институттарының трансформациясын кешенді тұрғыдан зерттеу бүгінгі күні тарих ғылымындағы жеткілікті деңгейде қарастырылмаған бағыттардың бірі болып табылады. Сондықтан бұл мәселенің жекелеген қырлары әлі де терең ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Ескерту

1. «Қазақстанның құрылу тарихы». Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік архиві (ары қарай ООБМА). Р-454-қор, 1-тізбе, 18-А-іс, 1-4, 11-13 пп.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Абсеметова Ж. *Большевистский режим в Казахстане: Становление и укрепление (1920-1933 гг.)*. Алматы: Қазақ университеті. 2007. 204 с.
- Абсеметов М.О. *Сакен Сейфуллин – Председатель Совета народных комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924 гг.)*. Астана. 2006. 416 с.
- Акимбеков С. *Казахстан в Российской империи*. Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований». 2018. 562 с.
- Акимбеков С. *Казахи между революцией и голодом*. Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований». 2021. 584 с.
- Аккулы С. *Алихан Букейхан. Исследования, статьи, интервью*. Алматы: Международный фонд «Ер Жанибека». 2016. 528 с.
- Аккулы С. *Алихан Букейхан. Собиратель казахских земель*. Астана: Общественный фонд «Алашорда». 2017. Том 1. 636 с.
- Алаш-Орда: сборник документов*. Сост. Н. Мартыненко. Алма-Ата: Малое издательство «Айқап». 1992 г. 192 с.

- Аманжолова Д.А. *Партия Алаш: история и историография: учебное пособие*. Семипалатинск. 1993. 137 с.
- Аманжолова Д.А. *Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш*. Москва. 1994. 216 с.
- Аманжолова Д.А. *Казахская автономия: от замысла националов к самоопределению по-советски*. Acta Slavica Iaponica. 2004. Т. 21. Р. 115-143.
- Аманжолова Д.А. *На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана*. Алматы: Таймас. 2009а. 410 с.
- Аманжолова Д.А. *Советское нациестроительство и казахская элита. В: Матер. междунар. науч. – практ. конф. «Роль национальной интеллигенции в истории в начале XX века»*. Уральск. 2009б. С. 12-17.
- Аманжолова Д.А. *Алаш: исторический смысл демократического выбора: монография*. Алматы: Таймас. 2013. 400 с.
- Аманжолова Д.А. *Из истории взаимодействия Временного Сибирского правительства и Алаш-Орды. Русская старина*. – 2015. Том 13, Выпуск 1, с. 5-18.
- Аманжолова Д.А. *Проблемы формирования советской этнобюрократии. В: Азиатская Россия: Люди и структуры империи: сб. науч. трудов*. Омск: Изд-во: ООО «Полиграфический центр КАН». 2016. С. 63-72.
- Аманжолова Д.А. *Советский проект в Казахстане: власть и этничность, 1920-1930-е гг.* Москва: Институт российской истории РАН: Центр гуманитарных инициатив. 2019. 480 с.
- Аяган Б., Ауанасова А., Нурпеисов Е. *Смутное время. Неизвестные страницы известной истории*. Алматы: ТОО «Литера-М». 2017. 320 с.
- Бочагов А.К. *Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казакстане периода 1917-19 гг.* Кызыл-Орда: Государственное издательство КССР. 1927. 57 с.
- Бырбаева Г.Б. *Центральная Азия и советизм: концептуальный поиск евро-американской историографии*. Алматы: Дайк-Пресс. 2005. 484 с.
- Жанбосинова А.С. *Краткая энциклопедия истории Алаш и Алашорда*. Усть-Каменогорск. 2013. 204 с.
- Инструкция делегации Временного Сибирского Правительства на Государственном совещании в городе Уфе*. В: Макасов В. Турунов А. *Хроника гражданской войны в Сибири. 1917-1918*. Ленинград. 1926. С. 232
- История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней* под редакцией М. Абдыкалыковой и А. Панкратовой. Алма-Ата: КазОГИЗ. 1943. 672 с.
- История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Второе издание исправленное и дополненное*. Алма-Ата. 1949. 451 с.
- История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Том 4*. Алма-Ата: «Наука» КазССР. 1977. 640 с.
- Кабульдинов З.Е. *Чаяния Алашской интеллигенции и петиционное движение казахов в начале XX века. В: XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы*. Алматы: Экономика, 2013. С. 42-49.
- Кемелбеков А.А. *Истоки местного самоуправления Казахстана в дореволюционный период (на примере территорий Младшего и Среднего Жуза)*. Современный ученый. 2019, № 5. С. 238-241.
- Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы: көмекші оқу құралы*. Алматы: Санат, 1995. 368 б.
- Мажитова Ж.С. *Институт биев в казахском обществе в первое десятилетие советской власти. Вестник Московского университета. Серия 8: история*. 2015. № 4. С. 74-84.
- Нам И.В. *Национальные меньшинства Сибири и Дальнего Востока на историческом переломе (1917-1922 гг.)*. Томск, 2009. 500 с.

- Нурмаганбетова Р.К. *Проблема Алаш и Алашорды в казахстанской историографии 20-90-х годов*: автореф. ... канд. истор. наук: 07.00.09. Алматы, 1999. 28 с.
- Нурмаганбетова Р.К. *Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы. 1920-1990-е годы XX века*. Алматы, 2003. 153 с.
- Нұрпейісов К. *Алаш һәм Алашорда*. Алматы: Ататек. 1995. 256 б.
- Общественно-политическая жизнь Сибири в конце XIX – начале XX в.*: Энциклопедический словарь. М.В. Шиловский, Г.А. Ноздрин, А.К. Кириллов и др.; под ред. М.В. Шиловского. Новосибирск: Параллель, 2019. 398 с.
- Протокол Семипалатинского областного киргизского съезда. 27 апреля – 7 мая 1917 года г. Семипалатинск. В: *Город Алаш. Сборник документов*. Е. Сыдыков, В. Кашляк (Составители). Семей, 2010. С.131-135
- Протокол заседания Общекиргизского съезда г. Оренбург, 5-13 декабря . В: *Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сауір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г.* Алматы: «Алаш». 2004. Том 1. С.472-482.
- Приказ уполномоченного командира 2-го степного сибирского корпуса по охранению государственного порядка и общественного спокойствия в Семипалатинской обл. о ликвидации правительства Алаш-Орда. г. Семипалатинск. 24 декабря 1918 г. В: *Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. декабрь 1917 г.* – Алматы: «Алаш», 2004. Том 1. С.274-275
- Традиционное казахское общество в национальной политике Российской империи: концептуальные основы и механизмы реализации (XIX – начало XX в.)*. Документы и извлечения. Рол-лектив авторов. Барнаул: АЗБУКА. 2014. 272 с.

References

- Absemetova Zh. *Bolshevistskii rezhim v Kazakhstane: Stanovlenie i ukreplenie (1920-1933 gg.)*. Almaty: Kazakh University. 2007. 204 p. (In Russian)
- Absemetov M.O. *Saken Seifullin – Predsedatel Soveta narodnykh komissarov Kazakhstana (g. Orenburg, 1922-1924 gg.)*. Astana. 2006. 416 p. (In Russian)
- Akimbekov S. *Kazakhstan v Rossiiskoi imperii*. Almaty: Institute of Asian Studies LLP. 2018. 562 pp. (In Russian)
- Akimbekov S. *Kazakhi mezhdu revoliutsiei i golodom*. Almaty: Institute of Asian Studies LLP. 2021. 584 p. (In Russian)
- Akkuly S. *Alikhan Bukeikhan. Issledovaniia, stati, intervju*. Almaty: Almaty: “Er Zhanibek” International Foundation. 2016. 528 p. (In Russian).
- Akkuly S. *Alikhan Bukeikhan. Sobiratel kazakhskikh zemel*. Astana: “Alashorda” Public Foundation. 2017. Volume 1. 636 p. (In Russian).
- Alash-Orda: sbornik dokumentov. Compiled by N. Martynenko*. Alma-Ata: “Aikap” Small Publishing House. 1992. 192 p. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Partiia Alash: istoriia i istoriografiia: uchebnoe posobie*. Semipalatinsk. 1993. 137 p. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Kazakhskii avtonomizm i Rossiia. Istoriia dvizheniia Alash*. Moscow. 1994. 216 p. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Kazakhskaiia avtonomiia: ot zamysla natsionalov k samoopredeleniiu po-sovetski. Acta Slavica Iaponica*. 2004. Vol. 21. Pp. 115-143. (In Russian).

- Amanzholova D.A. *Na izlome. Alash v etnopoliticheskoi istorii Kazakhstana*. Almaty: Taimas. 2009. 410 p. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Sovetskoe natsiestroitelstvo i kazakhskaya elita*. In: *Proceedings of the International Scientific and Practical Conference "The Role of the National Intelligentsia in History at the Beginning of the 20th Century"*. Uralsk, 2009. Pp. 12-17. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Alash: istoricheskii smysl demokraticeskogo vybora: monografiia*. Almaty: Taimas. 2013. 400 p. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Iz istorii vzaimodeistviia Vremennogo Sibirskogo pravitelstva i Alash-Ordya*. Russkaya Starina. 2015. Vol. 13, No. 1, pp. 5-18. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Problemy formirovaniia sovetskoi etnobiurokratii*. In: *Asian Russia: People and Structures of the Empire: A Collection of Scholarly Papers*. Omsk: Published by: "Polygraphic Centre KAN" LLC. 2016. pp. 63-72. (In Russian).
- Amanzholova D.A. *Sovetskii proekt v Kazakhstane: vlast i etnichnost, 1920-1930-e gg.*. Moscow: Institute of Russian History, Russian Academy of Sciences: Centre for Humanities Initiatives. 2019. 480 p. (In Russian).
- Ayagan B., Auanasova A., Nurpeisov E. *Smutnoe vremia. Neizvestnye stranitsy izvestnoi istorii*. Almaty: Almaty: "Liter-M" LLP. 2017. 320 p. (In Russian).
- Bochagov A.K. *Alash-Orda. Kratkii istoricheskii ocherk o natsionalno-burzhuaznom dvizhenii v Kazakhstane perioda 1917-19 gg.* Kyzyl-Orda: State Publishing House of the Kazakh SSR. 1927. 57 p. (In Russian).
- Byrbaeva G.B. *Tsentrlnaia Aziia i sovetizm: kontseptualnyi poisk evro-amerikanskoi istoriografii*. Almaty: Dyke-Press. 2005. 484 p. (In Russian).
- Zhanbosinova A.S. *Kratkaia entsiklopediia istorii Alash i Alashorda*. Ust-Kamenogorsk. 2013. 204 p. (In Russian).
- Instruktsiia delegatsii Vremennogo Sibirskogo Pravitelstva na Gosudarstvennom soveshchanii v gorode Ufe*. In: Maksakov V. Turunov A. *Chronicle of the Civil War in Siberia. 1917-1918*. Leningrad. 1926. P. 232 (In Russian).
- Istoriia Kazakhskoi SSR s drevneishikh vremen do nashikh dnei*. Edited by M. Abdykalykova and A. Pankratova. Alma-Ata: KazOGIZ. 1943. 672 p. (In Russian).
- Istoriia Kazakhskoi SSR s drevneishikh vremen do nashikh dnei. Second edition, revised and expanded*. Alma-Ata. 1949. 451 p. (In Russian).
- Istoriia Kazakhskoi SSR (s drevneishikh vremen do nashikh dnei)*. In 5 Volumes. Vol. 4. Alma-Ata: «Nauka» KazSSR. 1977. 640 p. (In Russian).
- Kabul'dinov Z.E. *Chianiia Alashskoi intelligentsii i petitsionnoe dvizhenie kazakhov v nachale XX veka*. In: *The White Path of Alash in the 21st Century*. Almaty: Ekonomika, 2013. Pp. 42-49. (In Russian).
- Kemelbekov A.A. *Istoki mestnogo samoupravleniia Kazakhstana v dorevoliutsionnyi period (na primere territorii Mladshogo i Srednego Zhuza)*. The Modern Scholar. 2019, No. 5. pp. 238-241. (In Russian).
- Koigeldiev M. *Alash kozgalysy: komekshi oku kuraly*. Almaty: Sanat. 1995. 368 b. (In Kazakh)
- Mazhitova Zh.S. *Institut biev v kazakhskom obshchestve v pervoe desiatiletie sovetskoi vlasti*. *Bulletin of Moscow University*. Series 8: History. 2015. No. 4. pp. 74-84. (In Russian).
- Nam I.V. *Natsionalnye menshinstva Sibiri i Dalnego Vostoka na istoricheskom perelome (1917-1922 gg.)*. Tomsk. 2009. 500 p. (In Russian).
- Nurmaganbetova R.K. *Problema Alash i Alashordy v kazakhstanskoi istoriografii 20-90-kh godov: Abstract of a thesis for the degree of Candidate of Historical Sciences: 07.00.09*. Almaty, 1999. 28 pp. (In Russian).

- Nurmaganbetova R.K. *Dvizhenie Alash i Alash-Orda. Istoriografiia problemy. 1920-1990-e gody XX veka.* Almaty. 2003. 153 p. (In Russian).
- Nurpeisov K. *Alash ham Alashorda.* Almaty: Atatek. 1995. 256 b. (In Kazakh)
- Obshchestvenno-politicheskaia zhizn Sibiri v kontse XIX – nachale XX v.: Encyclopaedic Dictionary.* M.V. Shilovsky, G.A. Nozdrin, A.K. Kirillov et al.; edited by M.V. Shilovsky. Novosibirsk: Parallel, 2019. 398 pp. (In Russian).
- Protokol Semipalatinskogo oblastnogo kirgizskogo sieezda. 27 apreliia – 7 maia 1917 goda g. Semipalatinsk. In: *The City of Alash. A Collection of Documents.* E. Sydykov, V. Kashlyak (Editors). Semey, 2010. Pp. 131-135. (In Russian).
- Protokol zasedaniia Obshchekirgizskogo sieezda g. Orenburg, 5-13 dekabria. In: *The Alash Movement. A collection of documents and materials. April 1901 – December 1917.* In: *The Alash Movement. A collection of documents and materials. April 1901 – December 1917.* Almaty: "Alash". 2004. Volume 1. Pp. 472-482. (In Russian)
- Prikaz upolnomochennogo komandira 2-go stepnogo sibirskogo korpusa po okhraneniui gosudarstvennogo poriadka i obshchestvennogo spokoistviia v Semipalatinskoi obl. o likvidatsii pravitelstva Alash-Orda. g. Semipalatinsk. 24 dekabria 1918 g. In: *The Alash Movement. Collection of documents and materials. April 1901 – December 1917.* Almaty: "Alash", 2004. Volume 1. Pp. 274-275 (In Russian)
- Traditsionnoe kazakhskoe obshchestvo v natsionalnoi politike Rossiiskoi imperii: kontseptualnye osnovy i mekhanizmy realizatsii (XIX – nachalo XX v.).* Documents and Extracts. Collective authorship. Barnaul: AZBUKA. 2014. 272 p. (In Russian)

Information about authors

Kuanysh G. Akanov – PhD, academic secretary at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management "Research Institute for Jochi Ulus Studies" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B Aleksandr Pushkin Street, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5169-1388>, gazizuly85@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Қуаныш Ғазизұлы Ақанов – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғылыми хатшысы, А. Пушкин көшесі, 15Б, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5169-1388>, gazizuly85@mail.ru

Сведения об авторах

Куаныш Газизович Аканов – ученый секретарь РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, Александра Пушкина, 15Б, 010000, Астана, Казахстан Научного института изучения Улуса Джучи, ул. Туркестан 2, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5169-1388>, gazizuly85@mail.ru

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 15.12.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 02.02.2026.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.03.2026